



## **"Эйр Қазақстан" жабық үлгідегі акционерлік қоғамын құру жөніндегі мәселелер туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 қазан N 1256

"Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын экономикалық тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1030 P961030\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

"Эйр Қазақстан" жабық үлгідегі акционерлік қоғамын мемлекеттік тіркеу үшін құжатын заңды тұлғаның тіркегені үшін мемлекеттік алым төлеу туралы төлем тапсырмасынсыз қабылдасын;

1996 жылғы 15 қазанға дейін "Эйр Қазақстан" жабық үлгідегі акционерлік қоғамын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Эйр Қазақстан" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы мемлекеттік тіркеу үшін алымды үш ай мерзімде төлесін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі